

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 311 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы N 643 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 тамыздағы № 476 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 311 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 9, 97-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

мынадай мазмұндағы 5-4 және 5-5-тармақтармен толықтырылсын:

"5-4. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызметке дербес жауап береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

5-5. Комиссияның хатшысы Комиссия мәжілісінің күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және Комиссия мәжілісінің хаттамаларын ресімдейді.

Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.";

7-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздер "Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Комиссия қызметінің ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етілуін жұмыс органы қамтамасыз етеді.

9. Комиссия өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия құрамына мыналар енгізілсін:

- Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға
- Мұхтар Абрарұлы
- Исабаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары
- Бейбіт Өксікбайұлы
- Кәрібжанова - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
- Роза Самидоллақызы
- Есім - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
- Ғарифолла Есімұлы
- Қырықбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы
- Арман Оразбайұлы
- Абаев - Қазақстандық суретшілер қауымдастығы басқармасының төрағасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері (келісім бойынша)
- Хасен Сейілханұлы
- Досжан - мүсінші, Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының профессоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері (келісім бойынша)
- Болат Сапарұлы
- Мансұров - мүсінші, Қазақ көркем қорының төрағасы (келісім бойынша)
- Мұрат Амангелдіұлы
- Нұразхан - Қазақстан Республикасындағы мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қорының директоры (келісім бойынша)
- Алмас Шайкенұлы
- Садықов - Қазақстан сәулетшілер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті сәулетшісі (келісім бойынша)
- Амангелді Зейноллаұлы
- Оразбекова - өнертанушы, Қазақстан Республикасы Көркемөнер академиясының президенті (келісім бойынша)
- Лаура Сакенқызы

мына жолдар:

- "Қойгелдиев - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры
- Мәмбет Құлжабайұлы
- Ли - өнертанушы (келісім бойынша)
- Камилла Витальевна
- Рүстембеков - Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті (келісім бойынша)
- Ақмырза Исаұлы
- Сергебаев - мүсінші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (келісім бойынша)
- Ескен Аманжолұлы
- Өмірбеков - Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының директоры (келісім бойынша)"
- Байтұрсын Есжанұлы

мынадай редакцияда жазылсын:

- "Қойгелдиев - "Қазақстан тарихшылар қоғамдастығы" қоғамдық ұйымының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)
- Мәмбет Құлжабайұлы
- Ли - өнертанушы, Қазақстан Суретшілер одағының жауапты хатшысы, ЮНЕСКО жанындағы суретші-сыншылар қауымдастығының мүшесі (келісім бойынша)
- Камилла Витальевна
- Рүстембеков - Қазақстан Сәулетшілер одағы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)
- Ақмырза Исаұлы
- Өмірбеков - өнертанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор (келісім бойынша)";
- Байтұрсын Есжанұлы

көрсетілген Комиссияның құрамынан Ертісбаев Ермұхамет Қабиденұлы, Әлиев Арыстанбек Мұхамедиұлы, Шаймерден Ербол Шаймерденұлы, Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы, Әбішев Бақытжан Әлімбайұлы, Байпақов Карл Молдахметұлы, Кацев Владимир Зеликович, Мергенов Еркін Тілекұлы, Ерғалиева Райхан Әбдешқызы, Есдәулет Ұлықбек Оразбайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК